



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2023 жылғы 21 маусымдағы
№ ДС-247

Құрметті депутаттар!

Мал шаруашылығы саласын дамытуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Шопандардың балаларын балабақшалармен қамтамасыз етуге, мектеп жасындағы балалардың жақсы білім алуына жағдай жасауға, арнайы интернаттар ашуға қатысты

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға жолдамалар беру үшін мектепке дейінгі жастағы балаларды кезекке қою түрінде мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Бірінші кезектегі орындардың басым тізімі мынадай санаттардан қалыптастырылады: заңды өкілдері мүгедектер болып табылатын, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім, көп балалы отбасылардан шыққан, ерекше білім беру қажеттіліктері бар, мүгедек балалары бар отбасылардан шыққан балалар.

Осыған байланысты шопандардың балалары жоғарыда аталған санаттардың біріне енген кезде мектепке дейінгі ұйымдарға бірінші кезекте орналасу құқығына ие болады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес азаматтарға мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беріледі.

Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік білім беру ұйымдарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді, оның ішінде оқытудың кешкі нысанын және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы берілетін жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орындарына түсуге арналған гранттарды бөлуге қатысты

Қазіргі уақытта ауыл жастары қатарындағы азаматтар үшін жоғарғы оқу орындарына оқуға түсу кезінде ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын

айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша білім алуға бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысынан 35 % мөлшерінде квота көзделген.

Осылайша, шопандардың балалары үшін жоғары оқу орындарына түсуге арналған гранттарды бөлуге жеңілдетілген шарттар ұсынылады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық тексеруден өтуге, сондай-ақ шопандардың санаторий-курорттық емделуіне қатысты

Бүгінгі таңда ауыл тұрғындары үшін профилактикалық тексерулер жүргізу тәсілдері қайта қаралды.

Алғашқы медициналық-санитариялық көмек қызметінің профилактикалық бағдарлануын күшейту мақсатында скринингтерден өтетін нысаналы топтардың тізбесі, сондай-ақ 18 жастан 29 жасқа дейінгі адамдарды қамту кеңейтілді.

Санаторий-курорттық емдеуге келетін болсақ, ол пациенттерге қызмет көрсетудің көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдеріне, әрекет етудің халықаралық жіктеме, тіршілік әрекеті мен денсаулығының шектеулеріне, оңалту әлеуетінің деңгейіне, ауру ағымының кезеңіне немесе жай-күйіне сәйкес пациенттің жағдайын бағалауға байланысты жүзеге асырылады.

Ауылдық және аудандық орталықтарда мемлекеттік бағдарлама бойынша салынып жатқан «қолжетімді тұрғын үймен» қамтамасыз етуге қатысты

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес ауылдағы еңбекшілерді қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында ауылдық елді мекенде өз қызметкерлері үшін тұрғын үй салған жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау көзделген.

Осыған байланысты жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау малшыларды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шеңберінде қарастыру орынды деп санаймыз.

Малшының зейнеткерлік жасын төмендетуге қатысты

Қазіргі уақытта барлық үш деңгейдегі зейнетақымен қамсыздандыру (ортақ, базалық және жинақтаушы зейнетақы) еңбек өтіліне байланысқан. Еңбек өтілі неғұрлым ұзақ болса, зейнетақы мөлшері соғұрлым жоғары болады.

Зейнетақы мөлшері зейнеткердің зейнетке шыққан кәсібіне, біліміне, еңбегіне және басқа өлшемшарттарға байланысты емес.

Зейнетақы бұрын алынған кірістерді алмастыру болып табылады. Оны тағайындау кезінде 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еңбек өтілі және азаматтың зейнеткерлікке дейінгі кезеңдегі орташа айлық табысы назарға алынады.

Осыған байланысты ұсынылатын ұсынылған басқа кәсіптердің зейнетақы алушыларына қатысты әлеуметтік әділеттілік қағидатын бұзуға әкеп соғады, өйткені Әлеуметтік кодекс азаматтарға зейнетақымен қамсыздандыруға тең құқық беру қағидаттарына негізделген.

Мемлекеттің «Еңбек» бағдарламасы бойынша шопандарға белгілі бір пайызбен жалақы төлеуіне қатысты

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде 2022 жылы зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі «Күміс жас» жобасы (*бұдан әрі – жоба*) іске қосылды, ол жалақы мөлшерінің 50 %, бірақ кемінде 30 (отыз) АЕК субсидиялауды көздейді. Жобаның қатысушылары 50 жастан асқан жұмыссыз адамдар болып табылады, олардың арасында зейнеткерлікке дейінгі жастағы адамдар басымдыққа ие. Жобаға қатысу аяқталғаннан кейін жұмыс беруші зейнеткерлік жасқа жетпеген адамды тұрақты жұмыс орнына кемінде 1 жыл мерзімге, ал зейнеткерлік жасқа алдындағы адамды зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысқа орналастырады.

Жоғарыда аталған шараның болуын ескере отырып, шопандардың жалақысын субсидиялаудың жеке бағдарламасын қабылдау орынсыз болып табылады.

«Еңбек Ері» атағын беруге қатысты

«Үкімет Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілерін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қарашадағы № 90 Өкіміне сәйкес көтермелеу шараларын жүзеге асырады.

Ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне орайластырылған ауыл шаруашылығы қызметкерлерін дәстүрлі марапаттау тұрақты негізде жүргізіледі.

Ә. Смайылов

Тізім:

А. Назаров
А. Зейнуллин
Е. Сатыбалдин